



БҮЙРЫҚ

05.06.2019 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 306

город Астана

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»  
акционерлік қоғамының жарғысына өзгеріс пен  
толықтыру енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № КГИП-5-28-КГИП-1688 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 729 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

корсетілген бұйрықпен бекітілген «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысында:

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 12-тармақтың екінші бөлімі 14) тармақшамен толықтырылсын.

2. Қоғам жарғысына өзгеріске және толықтыруға қол қоюға Қоғам Президентіне үәкілеттік берілсін.

3. Қоғам Президенті осы бұйрықтан туындастын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Сапарбаев



001492

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрінің  
2019 жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бүйрығына  
қосымша

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»  
акционерлік қоғамының жарғысына өзгеріс пен толықтыру**

1. 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамның орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, сол жағалау,  
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер үйі» әкімшілік  
гимараты, 6-кіреberіс.».

2. 12-тармақтың екінші бөлімі мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен  
толықтырылсын:

«14) Атаулы әлеуметтік көмек мәселелері бойынша мамандардың,  
жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары,  
жұмыспен қамту бөлімдері, халықты жұмыспен қамту орталықтары, сондай-ақ  
медициналық-әлеуметтік сараптама қызметкерлерінің (ассистенттерінің)  
біліктілігін арттыру.»;

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»  
акционерлік қоғамының  
президенті**



**E. Оспанов**